

Электр энергетикасындағы еншілес мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 29 қаңтар N 118

Электр энергетикасы саласында мемлекеттік меншікті тиімді пайдалану мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1-қосымшаға сәйкес республикалық электр энергетикасы кәсіпорындарына шаруашылық жүргізу құқығымен еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға;

2-қосымшаға сәйкес республикалық мемлекеттік "Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесі кәсіпорнына шаруашылық жүргізу құқығымен еншілес мемлекеттік кәсіпорындар құруға рұқсат етілсін.

2. Қазақстан Республикасының Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетімен бірлесіп құрылатын еншілес кәсіпорындарды акционерлеу бағдарламасын әзірлесін және 10 күн мерзім ішінде бекітуге Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсынсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің 1996 жылғы
29 қаңтардағы
N 118 қаулысына
1 қосымша

кәсіпорындарының еншілес мемлекеттік
кәсіпорындарының
тізбесі

"Алматыэнерго" Алматы энергетика жүйесінің
еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. N 1 Алматы жылуэлектрорталығы (Алматы ЖЭО-1), Алматы қаласы
2. N 2 Алматы жылуэлектрорталығы (Алматы ЖЭО-2), Алматы облысы,
Қаскелең ауданы, Алғабас поселкесі
3. Алматы мемлекеттік аудандық электрстанциясы (Алматы ГРЭС),
Алматы облысы, Энергетик поселкесі
4. Талдықорған электр торабы кәсіпорны (Талдықорған ЭТК),
Талдықорған облысы, Талдықорған қаласы
5. Текелі энергокомбинаты, Талдықорған облысы, Текелі қаласы
6. Алматы жылу торабы кәсіпорны (Алматы ЖТК) Алматы қаласы

"Алтайэнерго" Шығыс Қазақстан энергетика жүйесінің
еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. Өскемен жылуэлектрорталығы (Өскемен ЖЭО), Өскемен қаласы
2. Лениногор жылуэлектрорталығы (Лениногор ЖЭО), Шығыс
Қазақстан облысы, Лениногор қаласы
3. Согрин жылуэлектрорталығы (Согрин ЖЭО), Өскемен қаласы
4. Семей жылуэлектрорталығы (Семей ЖЭО), Семей қаласы
5. Шығыс Қазақстан электр торабы кәсіпорны (Шығыс Қазақстан
ЭТК), Өскемен қаласы
6. Семей электр торабы кәсіпорны (Семей ЭТК), Семей қаласы
7. Өскемен суэлектрстанциясы (Өскемен ГЭС), Өскемен қаласы
8. Шульба суэлектрстанциясы (Шульба ГЭС), Семей облысы, Шульба
поселкесі

"Атырауэнерго" Атырау энергетика жүйесінің
еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. Атырау жылуэлектрорталығы (Атырау ЖЭО), Атырау қаласы

"Батысқазэнерго" Батыс Қазақстан энергетика
жүйесінің еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. Орал жылуэлектрорталығы (Орал ЖЭО), Орал қаласы
2. Ақтөбе жылуэлектрорталығы (Ақтөбе ЖЭО), Ақтөбе қаласы
3. Орал электр торабы кәсіпорны (Орал ЭТК), Орал қаласы

"Қарағандыэнерго" Қарағанды энергетика жүйесінің
еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. N 1 Қарағанды мемлекеттік аудандық электрстанциясы
(Қарағанды ГРЭС-1), Теміртау қаласы
2. Қарағанды жылуэлектрорталығы (Қарағанды ЖЭО), Қарағанды
қаласы
3. N 2 Қарағанды жылуэлектрорталығы (Қарағанды ЖЭО), Теміртау
қаласы
4. Жезқазған жылуэлектрорталығы (Жезқазған ЖЭО), Жезқазған
қаласы
5. Тентек жылуэлектрорталығы (Тентек ЖЭО), Шахтинск қаласы
6. Қаражал жылуэлектрорталығы (Қаражал ЖЭО), Жезқазған облысы,
Қаражал қаласы
7. Жезқазған электр торабы кәсіпорны (Жезқазған ЭТК), Жезқазған
қаласы

"Қостанайэнерго" Қостанай энергетика жүйесінің
еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. Рудный жылуэлектрорталығы (Рудный ЖЭО), Қостанай облысы,
Рудный қаласы
2. Арқалық жылуэлектрорталығы (Арқалық ЖЭО), Торғай облысы,
Арқалық қаласы
3. Арқалық электр торабы кәсіпорны (Арқалық ЭТК), Торғай облысы,
Арқалық қаласы
4. Қостанай жылуэлектрорталығы (Қостанай ЖЭО), Қостанай қаласы

"Павлодарэнерго" Павлодар энергетика жүйесінің
еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. N 1 Павлодар жылуэлектрорталығы (Павлодар ЖЭО-1), Павлодар қаласы
2. N 2 Павлодар жылуэлектрорталығы (Павлодар ЖЭО-2), Павлодар қаласы
3. N 3 Павлодар жылуэлектрорталығы (Павлодар ЖЭО-3), Павлодар қаласы
4. Павлодар жылу торабы кәсіпорны (Павлодар ЖТК), Павлодар қаласы

"Тыңэнерго" Тың энергетика жүйесінің еншілес
мемлекеттік кәсіпорындары

1. N 2 Петропавл жылуэлектрорталығы (Петропавл ЖЭО-2), Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы
2. Ақмола жылуэлектрорталығы (Ақмола ЖЭО), Ақмола қаласы
3. Петропавл электр торабы кәсіпорны (Петропавл ЭТК), Солтүстік Қазақстан облысы, Петропавл қаласы
4. Көкшетау электр торабы кәсіпорны (Көкшетау ЭТК), Көкшетау қаласы
5. Көкшетау жылу торабы кәсіпорны (Көкшетау ЖТК), Көкшетау қаласы
6. Ақмола жылу торабы кәсіпорны (Ақмола ЖТК), Ақмола қаласы

"Оңтүстікқазэнерго" Оңтүстік Қазақстан энергетика
жүйесінің еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. N 6 Қызылорда жылуэлектрорталығы (Қызылорда ЖЭО-6), Қызылорда қаласы
2. NN 1, 2 Шымкент жылуэлектрорталығы (Шымкент ЖЭО), Шымкент қаласы
3. N 3 Шымкент жылуэлектрорталығы (Шымкент ЖЭО-3), Шымкент қаласы
4. N 5 Кентау жылуэлектрорталығы (Кентау ЖЭО-5), Кентау қаласы
5. Жамбыл энергокомбинаты (ЖЭО және жылу торабы құрамында), Жамбыл қаласы
6. Жамбыл электр торабы кәсіпорны (Жамбыл ЭТК), Жамбыл қаласы
7. Қызылорда электр торабы кәсіпорны (Қызылорда ЭТК), Қызылорда қаласы

Маңғыстау атом энергетикасы комбинаты
еншілес мемлекеттік кәсіпорын

<*>

1. Маңғыстау электр жүйелері кәсіпорны

Ескерту. Тізбе толықтырылды - ҚРҰ-нің 1996.04.11. N 423
қаулысымен.

P960423_

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1996 жылғы
29 қаңтардағы
N 118 қаулысына
2 қосымша

"Қазақстанэнерго" ұлттық энергетика жүйесінің
еншілес мемлекеттік кәсіпорындары

1. Автоматизация және информатика орталығы, Алматы қаласы
2. Кадрлар даярлау жөніндегі орталық, Алматы қаласы
3. Сібір - Қазақстан - Орал 1150 кВ транзитін пайдалану
жөніндегі кәсіпорын, Қостанай қаласы